

## **Қазақстан Республикасында бірыңғай радиациялық медицина жүйесін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 қыркүйек 1993 ж. N 782

Атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, Семей ядролық және басқа сынақ полигондарындағы сынақ салдарынан, сондай-ақ Чернобыль АЭС-дегі авария салдарын жою кезінде зардап шеккен азаматтарға медициналық жәрдем көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компанияның (КАТЭП) республикада Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің құрамында бірыңғай радиациялық медицина жүйесін құрып, оған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің радиациялық медицина бөлімін, атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының және Қазақ радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институтының 10 медициналық-санитарлық бөлімін қосып беру туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылдан бастап облыстарда орналасқан атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының медициналық-санитарлық бөлімдері республикалық бюджеттен қаржыландырылуын жүзеге асырсын.

Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компанияның өзіне қызмет көрсететін медициналық-санитарлық бөлімдердің үйлерді, ғимараттарды, көлікті күтіп ұстауында, осы заманғы жабдықтар мен медикаменттер сатып алуында көмек көрсетуге келісетіні еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының медициналық-санитарлық бөлімдерінің құрамында медициналық-әлеуметтік сараптық комиссияларды сақтап, оларды Республикалық медициналық-әлеуметтік сараптық комиссияға бағындыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компания Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары Федерациясы кеңесімен бірлесіп, радиациялық әсеріне душар болған еңбекшілерді сауықтыру бағдарламасын әзірлесін. Ұлттық шешімін талап ететін мәселелер бойынша келісілген ұсыныс енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК